

## 2020 жылға ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша Есеп

Зерттеу эжокуүйесінің жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасалған: Ғылыми-инновациялық парк, 11 ғылыми және ғылыми-әдістемелік орталық, 5 ғылыми зертхана, педагогикалық STEM-парк жұмыс істейді.

Жоғары әлеует университет ғалымдарының Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының 50 ПОҚ-ның Үздік рейтингіне енгендігімен расталады: Е.А. Бектұров – (8-орын) – химия, В.Н. Косов – (24-орын) – физика.

Абай атындағы ҚазҰПУ ғалымдары Ұлттық ғылыми кеңестердің мүшелері болып табылады:

1. Ахметов Б.С. – «Ақпараттық, коммуникациялық және ғарыштық технологиялар» ҰҒК;

2. Әбілқасымова А.Е. – «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» ҰҒК;

3. Хамзина Ж.А. – «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» ҰҒК.

Ғылым мен техниканың дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның 2020 жылғы иегерлері – з.ғ.д., профессор Бурибаев Е.А., PhD доктор, постдокторант Достілек Д.

«ЖОО үздік оқытушысы – 2020» байқауының қорытындысы бойынша п.ғ.д., профессор Ұ.М. Әбдіғалбарова және п.ғ.к., профессор м.а. Л.Ш. Какимова жеңімпаз атанды.

Философия докторы (PhD) С.Г. Белоус 2020 жылы ТМД елдерінің жас оқытушылары арасында өткен «Педагогикалық бастама-2020» халықаралық байқауының жеңімпазы атанып, шетелдік серіктес жоғары оқу орны Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университетінде тағылымдамадан өту құқығына ие болды.

7M01702 – Орыс тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс магистранты Оспанова Сабина ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев стипендиясының иегері (Нұр-сұлтан қ., ҚР БҒМ., 06.11.2020 ж., № 471. Ғылыми жетекшісі – профессор Д.Д. Шайбакова) атанды.

Университеттің ғылыми әлеуетін одан әрі дамыту мақсатында профессор-зерттеуші және постдокторлық бағдарлама стипендиаты лауазымдарына конкурстар өткізіледі. Бұл лауазымдарға 2020 жылы постдокторлық бағдарламаның 7 стипендиаты қабылданды.

2020 жылы ҚР БҒМ мемлекеттік тапсырысы шеңберінде және университетішілік гранттар бойынша орындалған ғылыми-зерттеу жобалары 2018-2020 жылдары аяқталған жобалар және 2021-2023 жылдары басталған жобалар бойынша отандық ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді:

- «Мәңгілік Ел» (XXI ғасыр білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) ғылыми негіздері;

- Білім және ғылым саласындағы зерттеулер;

- Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер;

- Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер;

- Табиғи ресурстарды, оның ішінде су ресурстарын, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен құрылымдарды ұтымды пайдалану;

- Ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыштық технологиялар;

- Энергетика және машина жасау.

2020 жылы төмендегі жобалар орындалды:

- ҚР БҒМ гранттары бойынша жобалар – 258,3 млн. теңгеге 29 жоба

- Шаруашылық келісімшарт жобалары – 39,2 млн. теңгеге 2 жоба

- ЖЭМ-мен бірлескен жобалар – 50 млн. теңгеге 5 жоба

- Үшжақты халықаралық жоба – 15 млн. теңгеге 1 жоба

- ҚР ҒЗИ-мен интеграциялық жобалар – 50 млн. теңгеге 15 жоба

- ҰО және ҒЛ ҒЗЖ жобалары – 24 млн. 165 мың теңгеге 7 жоба.

2020 жылдың соңында Дүниежүзілік Банктің конкурсы бойынша ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін **коммерцияландыру** шеңберінде **83 млн. 750 мың теңге** сомасындағы «Жылу және электр энергиясын өндіруге арналған микро-гидравликалық және жел станцияларының кешенді технологияларын әзірлеу» жобасы аяқталды.

ҒТҚН коммерцияландыру бөлімі кірісі 1 млн. 65 мың теңге болатын қосымша білім беру курстарын өткізді, 2020 жылы Эрасмус+ Қаздуал жобасы ұтып алынып, ҚазҰПУ 73 мың еуро алды.

Университет басшылығы **жас ғалымдар ғылымына** көп көңіл бөледі. Карантиндік шектеулерге байланысты жас ғалымдарға арналған жыл сайынғы ішкі конкурс 2020 жылдың соңында өтті, 2021 жылға жалпы сомасы 28,5 млн. теңгеге 12 жоба қаржыландыруға жіберілді. Сонымен қатар, 2020 жылы ҚР БҒМ гранттық қаржыландырудың барлық жобаларына, республикалық ҒЗИ-мен интеграциялық жобаларға және университеттің ҒЗЖ жобаларына 2 студент, 6 магистрант, 41 докторант қатысқанын атап өткен жөн.

Сондай-ақ, 2020 ж. университет ПОҚ шетелдік серіктестермен 11 бірлескен ғылыми-білім беру жобаларына қатысты.

Жобалау қызметінің нәтижелері бойынша оқытушылар 2020 жылы 3 патент және 60 авторлық куәлік алды.

Айта кету керек, 2020 жылы енгізілген карантиндік шараларға және қашықтықтан жұмыс істеуге қарамастан, **университет негізгі жарияланым көрсеткіштері бойынша өз позициясын жоғалтқан жоқ, ал алыс шетел, жақын шетел басылымдарында, мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардағы жарияланымдардың өсуі** жарияланымдар сапасының артқандығын көрсетеді. 2020 жылы жалпы университет бойынша **3 170** ғылыми мақала, монография, оқу құралдары жарық көрді. Оның ішінде – **61** монография, орта мектептерге арналған **200** оқулық, жоғары оқу орындарына арналған **61** оқулық, **82** оқу-әдістемелік құрал, алыс шетел журналдарында **245** мақала, жақын шетел журналдарында **160** мақала, БҒСБК ұсынған журналдарда **775** мақала, ҚР басқа журналдарында **412** мақала, алыс шетел конференцияларының **263** тезисі, жақын шетел конференцияларының **231** тезисі, ҚР конференцияларының **510** тезисі бар.

2020 жылы шетелдік импакт-фактор журналдарында барлығы – 165 мақала, оның ішінде WoS – 32, Scopus – 133 мақала жарияланды. Университеттің **286** оқытушысының дәйексөз келтіру және Хирш индексінің иегерлері болуы – маңызды көрсеткіш. Абай атындағы ҚазҰПУ Web of Science халықаралық ақпараттық-талдау платформасының деректері бойынша «Соңғы 5 жылда Қазақстан Республикасының педагогикалық университеттері арасында Web of Science Core Collection жарияланымдық белсенділігі бойынша көшбасшы» тәуелсіз марапатының иегері болып табылады. 2020 ж. Clarivate Analytics компаниясымен заң ғылымдарының докторы, профессор Бурибаев Е.А. гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы үздік автор болып танылды.

Университетте 16 ғылыми журнал, оның ішінде «Педагогика және психология» журналы, «Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы» журналының 14 сериясы шығарылады, олардың 7-і ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне кіреді. Профессорлар Абишева С.Д., Сафронова Л.В., Мұсатаева М.Ш. шетелдік ғылыми журналдардың редакциялық алқа мүшелері болып табылады.

2020 жылы 68 ғылыми іс-шара, оның ішінде **15** халықаралық және **27** республикалық конференция, бейнеконференция және вебинарлар өткізілді. 2020 жылы Абайдың 175 жылдығына арналған аса маңызды іс-шаралар өткізілді, университет Қытайда, Вьетнамда, Түркияда, Ресейде, Польшада Абай атындағы 6 халықаралық білім беру орталықтарын ашты. Жыл сайын университетте **Ғылым онкүндігі** өткізіледі. Қатаң локдаунға қарамастан, 2020 жылғы 2-12 сәуір аралығында онлайн режимде **42 ғылыми іс-**

**шара:** республикалық олимпиадалар мен викториналар, шетелдік және қазақстандық ғалымдардың дәрістері, ҚР ғылымының көрнекті ғалым-ардагерлерімен кездесулер, ғылыми-әдістемелік семинарлар мен пікірталастар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, шеберлік сыныптары, көрмелер мен тұсаукесерлер, фестивальдар мен конкурстар өткізілді.

Жас ғалымдар кеңесі 2020 жылдың 7-21 мамыр аралығында «Зерттеу университетінің қалыптасу жолындағы ғылым мен білімнің даму болашағы: жас ғалым-педагогтардың заманауи көзқарастары» атты 1-ші халықаралық вебинар өткізді. Вебинарда 50 баяндама тыңдалды: Англия, Түркия, Ресей ғалымдарының 6 баяндамасы, ҚР жоғары оқу орындары ғалымдарының 36 баяндамасы, мемлекеттік ұйымдардан қатысушылардың 8 баяндамасы.

Университетте жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жүзеге асырылады. 2020 жылы магистранттар контингенті 1 185 адамды, докторанттар – 412 адамды құрады. 2019/2020 оқу жылында магистранттар мен докторанттар **1 223** ғылыми мақала жариялады, оның ішінде **41** мақала импакт-фактор журналдарында (Scopus/Web of Science).

2020 жылы **26** білім алушы халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпазы атанды. 2020 жылы республикалық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздары **89** адам болды.

Университетте бейіні бойынша PhD докторлық диссертациясын қорғау жөніндегі **14** диссертациялық Кеңес жұмыс істейді, оның құрамына университеттің **32** профессоры кіреді. Абай атындағы ҚазҰПУ диссертациялық кеңестерінің базасында басқа жоғары оқу орындарының докторанттарымен бірге **11** диссертация қорғалды.